

Бекітемін

«Қазақ-неміс политехникалық  
колледжі» білім беру  
мекемесінің директоры

Қ.Бакбергген

Келісемін

Түркістан облысының адами  
элеуетті дамыту басқармасының  
«Облыстық дарынды балаларды  
анықтау және қолдау орталығы»  
КММ-нің директоры

Э. Асқарова

## 14-16 жас аралығындағы жалпы және мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын жастар арасындағы «Шахмат» облыстық байқауының ережесі

### 1. Жалпы ереже

1.1 Осы Ереже 14-16 жас аралығындағы жалпы және мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын жастар арасындағы «Шахмат» облыстық байқауының (бұдан әрі-Байқау) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ ұйымдастыру және өткізу тәртібін, талаптарын, қаржыландыруын, жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Байқау интеллектуалдық ойындарға кеңінен тарту мақсатында жалпы және мамандандырылған білім беру ұйымдарының 14-16 жас аралығындағы оқитын жастардың арасында ұйымдастырылады.

1.3 Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың логикалық ой-өрісі деңгейін анықтау, тез шешім қабылдау және сыни ойлау дағдысын жетілдіру.

1.4 Байқаудың негізгі міндеттері:

- шахмат ойынын жандандыру;
- жастарды интеллектуалдық ойындарға кеңінен тарту;
- жастардың өзара мәдениетті жасай білуге үйрету;
- салауатты өмір салтын, интеллектуалдық ойындарды кеңінен насихаттау.

### 2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1 Жарыс Швецария тәсілі бойынша ұйымдастырылады, яғни әрбір қатысушының аты-жөні компьютерлік бағдарламаға енгізіліп, әрбір ойыншы бағдарлама белгілеген 7 немесе 9 қатысушымен ойын өткізеді. Бір ойынға 15 минут беріледі. Егер ол уақыт ішінде ойын аяқталмаған жағдайда, уақытқа ойнау басталады. Ең көп ұпай жинақтаған қатысушылар жүлделі (I,II,III-дәрежелі) орындарға ие болады. Егер ойыншылар тепе-тең түссе, онда ойын уақытқа өткізіліп, қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталады.

2.2 Байқауды ұйымдастырушы Түркістан облысының адами элеуетті дамыту басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен Кентау қалалық «Қазақ – неміс политехникалық колледжі» білім беру мекемесі болып табылады.

### **3. Байқау қатысушыларының жұмыстарына қойылатын талаптар**

3.1. Байқауға жалпы және мамандандырылған білім беру ұйымдарының 14-16 жас аралығындағы оқитын жастар қатыса алады. Түркістан облысының жалпы орта және мамандандырылған білім беру ұйымдарының әкімшілігі өздерінде оқитын 2 оқушы жазбаша түрде ұсына алады.

3.2. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

- Мектепшілік кезең
- Аудандық кезең
- Облыстық кезең

3.3. Байқаудың үшінші кезеңіне қатысу үшін жалпы орта және мамандандырылған мектептердің алдыңғы кезеңінен I - орын алған оқушы **darynobl@mail.ru** электронды почтасына сұранысымен қоса байқаудың 2-кезеңінің хаттамаларының скан вариантын жібереді.

Апелляция қарастырылмайды.

-Байқау санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтай отырып оффлайн форматта өтеді.

### **4. Бағалау өлшемдері:**

4.1 Компьютерлік бағдарлама бойынша өтеді.

4.2 Ойыншылар кездейсоқ жұптасады.

4.3 1 раунда көп ұпай жинаған ойыншы да, аз ұпай жинаған ойыншы да 2- раундқа қатысады. Онда қатысушылар тең нәтиже көрсеткен қарсыластарымен кездеседі. Мысалы, 1- раундтың жеңімпаздары бір-бірімен ойнайды, 1- раундтың тең ойыншылары бір-бірімен ойнайды және т.б. 1- раундта ұпай жинамаған ойыншылар болса, олар бір-бірімен ойнайды.

4.4 Бірде-бір қарсыласпен екі ойыншы жұптаспайды.

4.5 Бірдей ұпай жинаған ойыншылар рейтингіге сәйкес жақсы дәрежеде орналасады, содан кейін жоғарғы жартысы жұптасады. Мысалы, егер ұпайлар тобында сегіз ойыншы болса, 1 саны 5 нөмірін, 2 саны 6 нөмірін және тағы басқаларын ойнау үшін жұптасады.

### **5. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау**

5.1 Компьютерлік бағдарлама бойынша ұпайлар саналады.

5.2 Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, мақтау қағаздарымен және Кентау қаласы «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» білім беру мекемесінің бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

### **6. Қаржыландыру**

6.1 Байқауға қатысушылардың және жетекшілердің іс-сапар шығындары жіберуші жақтың есебінен төленеді.